

Ырғыз ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы № 98 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 қарашада № 3670 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 181 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 07.12.2018 № 181 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 29.08.2016 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ырғыз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдары мамандарына отын сатып алу үшін жыл сайын аудандық бюджет қаражаты есебінен 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілісін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрайымы:*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы:*

Э. СИСЕМБАЕВА

К. ҚОСАЯҚОВ